


ГОРНО-МЕТАЛЛУРИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь – октябрь 2023 г.

9,8
ТРАН ТГ.



тран тг



ИФО

ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – **98,8%**

МЕТАЛЛУРГИЯ – **97,3%**

- Добыча металлических руд
- Metallургическая промышленность

\$9,6 МЛРД



ЭКСПОРТ

ИМПОРТ 42%
ОТП 58%



РЫНОК


\$2,8 МЛРД



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 9 мес. 2023 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ОКТАБРЬ 2023 Г., МЛРД ТЕНГЕ



2023 жылғы қаңтар-қазанда ҚР тау-кен металлургия саласының (ТМК) өндіріс көлемі 9,8 трлн теңгені құрады, бұл, құндық көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен 7,9% төмен.

Металлургия өнеркәсібі өндірісінің құрылымында негізгі үлесті **түсті металлургия** құрайды – 4,5 трлн теңге, **қара металлургия** өндірісі 2,2 трлн теңгені құрады. Металл кен өндіруде негізгі үлесті **түсті кен өндіру** құрайды – 2,6 трлн теңге және қалған бөлігін **темір кенін өндіру** құрайды – 0,43 трлн теңге.

«Металл кенін өндіру» ФКИ 2023 жылғы қаңтар-қазанда 98,8% құрады.

«Темір кенін өндіру» ФКИ 88,5% құрады. Сектордағы теріс динамика темір кенін өндірудің заттай көріністе төмендеуі (-84%) есебінен қалыптасты. **«Түсті металл кенін өндіру» ФКИ 100,7% құрады.** Өндірістің өсуі негізгі түсті металл кенін: мыс-мырыш (112,5%); мыс (107,2%), алтыннан тұратын (108,5%), алюминий (боксит) (105,7%) өндірудің өсуіне байланысты.

«Металлургия» ФКИ 2023 жылғы қаңтар-қазанда теріс мағынаны көрсетті – 97,3%. Түсті металлургия ФКИ төмендеуі (96,1%) тазартылған күміс (89%); тазартылған, өңделмеген мыс (87,1%); өңделмеген тазартылған қорғасын (91,8%) өндірісінің төмендеуіне байланысты.

Қара металлургия ФКИ қолданбалы шойын (87,4%); ферроқорытпа (99,1%) өндірісінің төмендеуі есебінен 99,1% құрады.

Тазартылмаған болат (112,6%), болаттан жасалған қуыс жіксіз рофильдердің әр түрлі диаметрлі құбырлары (133,4%) өндірісінің ұғаюы байқалады.

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте **металлургия өнімінің экспорты 16,1% төмендеді, 9,6 млрд АҚШ долл. құрады, соның ішінде, қара металлургия – 3,3 млрд АҚШ долл., түсті металлургия – 6,3 млрд АҚШ долл. құрады.** Өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда қара металлургия экспортының көлемі 21,6%, түсті металлургия 13% төмендеді.

Металлургия өнімі **экспортының құндық құрылымында** құн бойынша негізгі көлемді мыс (26%), ферроқорытпа (18%) және уран (20%) құрайды. Металлургия өнеркәсібі экспортының төмендеуі мыс, ферроқорытпа және жазық прокаттың құндық көлемінің төмендеуі есебінен қамтамасыз етілді.

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте

ҚР металлургия өнімін сатудың негізгі нарықтары Қытай (29,5%), Ресей (23,4%), Түркия (10,8%) және Өзбекстан (5,1%) болды.

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте металлургия өнімі импортының көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 3,3% өсті және 2,8 млрд АҚШ долл. құрады, соның ішінде, кара металлургия – 2,4 млрд АҚШ долл., түсті – 0,38 млрд АҚШ долл.

Металлургия өнеркәсібі импортының өсуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар, жазық прокат, сондай-ақ, рельстер импортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

Металлургия өнімі **импортының құндық құрылымында** 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте: дәнекерленге құбырлар (19,8%), жіксіз құбырлар (14,6%), жазық прокат (13,1%) және шыбықтар (12,1%) басым.

ҚР-да 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте металлургия өнімін негізгі жеткізушілер Ресей (73,8%), Қытай (10,8%) және Италия (2,8%).

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте ҚР-да металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 6,5 млрд АҚШ долл. құрады, онда ОТӨ үлесі 58%, импорт өнім үлесі 42%.

Сала 3 өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында.

ҚР металлургия өндірісінің құрылымында Қарағанды облысының үлесі 21,2%, ШҚО – 18,7% және Павлодар облысы 14,6% құрайды.